



Автор: Кожагулова Бибигул Дузелбаевна

Пән: Математика

Сынып: 5-сынып

Бөлім: Жиын




Тақырып: Жиындардың қиылысуы және бірігуі

Осы сабақта қол жеткізетін оқу мақсаттары:	5.4.1.2 жиындардың қиылысуы және бірігуі анықтамаларын білу; 5.4.1.3 берілген жиындардың қиылысуы мен бірігуін табу; нәтижесін U, n символдарын қолданып жазу;
Сабақтың мақсаты:	Барлық оқушылар: жиындардың қиылысуы мен бірігуін таба алады, U, n символдарымен белгілей алады. Көптеген оқушылар: Жиындардың бірігуі мен қиылысуын Эйлер-Венн диаграммалары арқылы кескіндей алады. Кейбір оқушылар: бірнеше жиындардың қиылысуын және бірігуін таба алады, кескіндей алады.
Ойлау дағдыларының деңгейі:	Білу, түсіну, қолдану
Бағалау критерийі	- жиындардың қиылысуы және бірігуін анықтайды; - жиындардың бірігуі мен қиылысуын кескіндейді; - бірнеше жиындардың қиылысуы және бірігуін табады.
Тілдік мақсаттар	- \cup, \cap, \setminus символдарының қолданылуын түсіндіре алады; - жиынның элементтерін атай алады; - жиынның суреттеу тәсілі арқылы берілуін сипаттайды; - қандай да бір жиындардың бірігуі мен қиылысуынан пайда болған жиынның құрамын түсіндіре алады; Бөлім бойынша лексика және терминология: жиынның элементі; - бос жиын; - жиындардың қиылысуы, бірігуі; - Элементтер саны; Диалогқа/жазылымға қажетті тіркестер: - А және В жиындарының қиылысуы деп ... - А және В жиындарының бірігуі деп ... - ... А және В жиындарының ортақ элементі болып табылады; - А жиыны ... элементтерінен тұрады.
Құндылықтарға баулу	Зайырлы қоғам және жоғары руханият
Пәнаралық байланыс	жаратылыстану, бейнелеу өнері, биология
Алдыңғы білім	5.4.1.4 ішкі жиын ұғымын меңгеру; 5.4.1.5 жиындар арасындағы қатынастардың сипаттамасын анықтау (қиылысатын және қиылыспайтын жиындар);

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың жоспарланған кезеңдері	Сабақтағы жоспарланған жаттығу түрлері	Ресурстар

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы (5 мин)	<p>-Тренинг: «Атомдар мен молекулалар»</p> <p>Мақсаты: шоғырлану, жағымды ахуал қалыптастыру. «Қос шеңбер» әдісімен үй тапсырмасын, алдыңғы тақырыпты пысықтаймын(бір-біріне сұрақ қояды,жауап береді) ішкі шеңбер мүшелері сағат тілі бағытымен орын ауыстырады.</p> <p>Дескриптор: -Ішкі жиынды құра біледі; -Жиындар арасындағы қатынасты сипаттай алады. Кері байланыс: «Сұрақ-жауап» Оқушылар үлкен шеңберге таралады; «мозайка» әдісімен үш топқа □, □, □ бөлінеді.</p>	Қима қағаздар-пазлдар

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
<p>Сабақтың ортасы (6-35 мин)</p>	<p>-Оқушыларға ой қозғауға, тапқырлығы мен жылдам ойлау дәрежесін байқау мақсатында тапсырма беріледі:</p> <div style="display: flex; justify-content: space-around;"> <div style="text-align: center;"> <p>1 сурет</p>  <p>Суретте қандай жиындар берілген? Жиынның элементтерін атаңыздар Осы берілген суреттен нені байқадыңдар? Нені ұғуға болады?</p> </div> <div style="text-align: center;"> <p>2 сурет</p>  <p>2- Суреттен нені байқадыңдар? Ол туралы қандай қорытынды шығаруға болады?</p> </div> </div> <div style="display: flex; justify-content: space-around; margin-top: 10px;"> <div style="text-align: center;"> <p>3-сурет</p>  <p>3- қандай жиындарды жазып, элементтерін көрсетіңдер. Олар қалай орналасқан? Неліктен? Ол туралы қандай қорытынды шығаруға болады?</p> </div> </div> <p>Оқушылар жаңа сабақтың тақырыбын ашады, мақсат қояды. «Түртіп алу» әдісі - Оқушылар жаңа сабақ бойынша мәліметті кітаптан оқып танысады. - Бейне көрсетілім: 5e059d64514f1.png</p> <p>Image not found or type unknown 5e059d77cef5a.png</p> <p>Image not found or type unknown -Оқушылар тыңдайды , жиындардың қиылысуы мен бірігуіндегі элементтер санын нақтылайды. Дескриптор: -Жиындардың қиылысуын, бірігуін біледі; -□ □ символдарымен белгілейді; -Жиын элементтері санын анықтайды; -Эйлер-Венн диаграммасында кесіндейді. Кері байланыс: «Аяқталмаған сөйлем» Тапсырма №1«Ментальды карта» 5e059db9c2d3c.png</p> <p>Image not found or type unknown Дескриптор: Дөңгелектің -ішкі аймағын; -бірігуін; -қиылысуын кескіндей алады. Кері байланыс: жазбаша графикалық (қанатша, сұрақ белгісі) Тапсырма №2 Топтық жұмыс «Біреуі үйде,екеуі қонақта» 1-топқа тапсырма: оқулықтан №1054. 5.16-суретте Эйлер-Венн дөңгелектерімен А және В жиындары кескінделген.а) А жиынын; ә)В жиынын; б)А В; в)А В элементтерімен жазыңдар. Дескриптор: -А жиыны элементтерін жаза алады; -В жиыны элементтерін жаза алады; -Жиындардың қиылысуындағы элементтерді жаза алады; -Жиындардың бірігуіндегі элементтерді жаза алады. 2-топқа тапсырма: оқулықтан №1057. «Марс» және «Уран» сөздеріндегі әріптерден: 1)А жиынын және В жиынын құрастырып жазыңдар; 2)А жәнеВ жиындарының қиылысуын жазыңдар; 3)А және В жиындарының бірігуін жазыңдар. Дескриптор: -А жиыны элементтерін жаза алады; -В жиыны элементтерін жаза алады; -Жиындардың қиылысуындағы элементтерді жаза алады; -Жиындардың бірігуіндегі элементтерді жаза алады. 3-топқа тапсырма: оқулықтан №1063. 1) Жай сандар жиынының, құрама сандар жиынының және 1 саны жиынының бірігуінен тұратын жиын қалай аталады? Эйлер-Венн дөңгелектерімен кескіндеңдер. 2) К-жай сандар жиыны, L-құрама сандар жиыны. К және L жиындарының қиылысуы қандай жиын? Дескриптор: -К жиыны элементтерін тауып жаза алады; - L жиыны элементтерін тауып жаза алады; -Жиындардың бірігуін таба алады, кескіндей алады;</p>	<p>A4 форматты қағаздар, интерактивті тақта</p> <p>https://bilimland.kz/kk/subject/matematika/5-synyp/zhiyndardying-birigui-men-qiylysuy?mid=f6058605-9ee4-11e9-a361-1f1ed251dcfe</p> <p>Оқулық, Флипчарт,маркерлер</p> <p>Түрлі түсті қағаздар Кеспе қағаздар, сигнал картасы</p> <p>https://bilimland.kz/kk/subject/matematika/5-synyp/zhiyndardying-birigui-men-qiylysuy?mid=f6058602-9ee4-11e9-a361-1f1ed251dcfe интерактивті тақта</p>

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың соңы (36-40 мин)	<p>Оқушыларға үйден орындауға №1053,1064 есептерді орындау ұсынылады.</p> <p>Дескриптор: Жиындарды элементтерімен жаза алады; олардың қиылысуын және бірігуін таба алады.</p> <p>Рефлексия: «Білім бәйтерегі»</p> <p>-Оқушылар өздері тақырыпты нені жетік меңгергенін жапырақ, гүл, жеміс және «Білім бәйтерегіне» жапсырады:</p> <p>Image not found or type unknown</p>	гүл, алма, жапырақ пішінді стикерлер